



ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 47/587
23 ноября 2018 года

газета издаётся с 26.06.2004 года

Вестник

КЛЮЧЕВАЯ ЦЕЛЬ - ФОРМИРОВАНИЕ ГЛОБАЛЬНОГО АНТИЯДЕРНОГО ДВИЖЕНИЯ

21 ноября в Акорде прошла встреча Н.А.Назарбаева с представителями дипломатического корпуса. В частности, Президент Казахстана выразил обеспокоенность в связи с усилением напряженности в международных отношениях.

«В отличие от эпохи «холодной войны» современный мир стал многополярным. В то же время новые правила еще не определены, вследствие чего риски и кризисы зачастую непредсказуемы. В этих условиях мы стали свидетелями беспрецедентного ужесточения глобальной конкуренции, провоцирующей рост конфликтного потенциала в мировом масштабе», - отметил Нурсултан Назарбаев.

Глава государства акцентировал внимание на актуальных аспектах глобальной и региональной повестки.

«Конфронтационный характер отношений между ключевыми державами уже приводит к постепенному демонтажу созданных в XX веке инструментов разрядки напряженности. Это чревато наращиванием критического военного потенциала по вектору Восток-Запад, которое будет сопровождаться форси-

рованной милитаризацией», - указал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что ядерным державам следует проявить ответст-

венность.

«Восстановление диалога и доверия станет твердой гарантией от возрастания рисков различных инцидентов, способных спровоци-

ровать полномасштабный ядерный кризис. На протяжении многих лет перед мировым сообществом мной поднимаются вопросы укрепления режима нераспространения, как краеугольной задачи для всего человечества. Казахстан имеет на это полное моральное право в качестве государства, вносящего свой достойный вклад в глобальное антиядерное движение», - сказал Глава государства.

Президент Казахстана отметил, что к глобальному процессу укрепления режима нераспространения и разоружения должны активно подключиться парламенты всех государств и простые граждане.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что одной из ключевых целей международного сообщества должно стать формирование Глобального антиядерного движения, выступающего за мир и спокойствие на земле.

«В завершение Глава государства отметил, что сегодняшняя встреча традиционно проходит в конце календарного года, и в этой связи поздравил дипломатических работников и представителей международных организаций с наступающими рождественскими и новогодними праздниками.

По материалам www.akorda.kz



венность и подтвердить приверженность принципам и идеям нераспространения и разо-

рывать полномасштабный ядерный кризис. На протяжении многих лет перед мировым сообществом мной поднимаются вопросы укрепления режима нераспространения, как краеугольной задачи для всего человечества. Казахстан имеет на это полное моральное право в качестве государства, вносящего свой достойный вклад в глобальное антиядерное движение», - сказал Глава государства.

ОТЗЫВЫ НА СТАТЬЮ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА «СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Программа «Рухани жаңғыру» нашла продолжение в статье Главы государства «Семь граней Великой степи» от 21 ноября 2018 года. В этой статье Глава государства делает общий обзор национальной истории Казахстана, раскрывая семь граней Великой степи.

Президент призывает серьезно осмыслить все эти грани: «Они касаются фундаментальных основ нашего мировоззрения, прошлого, настоящего и будущего народа.» Здесь он по полочкам разложил все достижения наших предков, которыми мы должны гордиться и передавать будущему поколению.

«Многое из того, без чего просто не мыслима жизнь современного общества – было в свое время изобретено в наших краях», - говорится в статье. Эти достижения поистине являются основами национального кода казахского народа: Всадническая культура, Древняя металлургия Великой степи, Звериный стиль, Золотой человек, Колыбель тюркского мира, Великий шелковый путь, Казахстан – родина яблок и тюльпанов.

Н.А.Назарбаев предлагает новые компоненты общенациональной программы «Рухани жаңғыру», которые позволят актуализировать многовековое наследие наших предков, сделав его понятным и востребованным в условиях цифровой цивилизации.

Выражая свою позицию по данному вопросу, могу сказать, что прописанная нашим Президентом инициатива, является уникальной, так как данный шаг позволит нам обеспечить залог успеха нашей страны в будущем.

Хочется лишь отметить, что мы, как патриоты Казахстана, должны способствовать в решении поставленной глобальной задачи!

Ж. Дулатова,

Заместитель руководителя отдела внутренней политики, культуры и развития языков

Ярким, сильным эмоциональным посылом, побуждающим к глубокому осмы-

лению и активным действиям народ Казахстана событием, стала озвученная Президентом Н.А.Назарбаевым статья «Семь граней Великой степи».

В своей статье Елбасы обращается к народу Казахстана, ставя поистине грандиозную задачу - изучить и понять всю национальную историю во всей её глубине и сложности, акцентируя, что история Казахстана должна быть понята с высоты современной науки, а не по её отдельным фрагментам.

Президент выделил семь граней Великой степи, и для реализации общей задачи предложил долгосрочные проекты «Архив - 2025», «Тюркская цивилизация: от истоков к современности», туристический проект по частичному восстановлению древнего города Отырар.

Елбасы отметил необходимость создания научно-популярной серии «Выдающиеся личности Великой степи» - «Ұлы Дала тұлғалары», музея древнего искусства и технологий Великой степи «Ұлы дала», общенационального клуба исторических реконструкций

Реакция на событие

«Великие цивилизации Великой степи».

Наш творческий коллектив особенно заинтересовал проект «Тысяча лет степного фольклора и музыки», потому что тема музыки и фольклора близка каждому казахстанцу.

Мы поддерживаем предложение Президента о создании «Антологии степного фольклора», в которой будут собраны лучшие образцы устного народного творчества за прошедшее тысячелетие - сказки, легенды, былины, предания, эпосы.

«Фольклор и мелодии Великой степи должны обрести «новое дыхание» в современном цифровом формате. Для работы над этими проектами важно привлечь отечественных и иностранных профессионалов, способных не только систематизировать, но и актуализировать богатое наследие Степи», - пишет Нурсултан Назарбаев в своей статье «Ұлы даланың жеті қыры».

Мы гордимся историей своей страны, стремимся сохранить наследие предков и поддерживаем создание таких важных для каждого казахстанца проектов.

Коллектив ЦДИУТ «Достық»

Оқыдық, пікір айтамыз

Көңілге қонымды. Өзіннің тарихымен мақтанпай қана қоймай, сол тарихтың қырсырын сараптап, ғылыми негізде болашаққа бағдар жасау өте өзекті. Біз жаһандану заманына өзіміздің тамырымызбен, сол тамырымызды тереңдете отырып енуіміз өзекті. Осы тұрғыда, өзіміздің толағай тарихымызды түлету - күн тәртібінде. Отарлау кезеңінде бізді, қазақтарды, тарихы болмаған, болмысы, бет-әлпеті жоқ, даланы кезіп жүрген халық ретінде көрсету әрекеттері болды. Біз сол жүйелі әрекеттердің кесірінен тарихымыздан айрылып қалдық, тарихты есімізге алғымыз келмеді, «тарихтан шаршау» синдромына іліктік... «Халықты құртқың келсе, оның тарихын құрту керек, тарихын білмеген халық тобырға айналады» деген аспект бар. Біз осынау «мәңгірттік» заманды да бастан өткердік. Жаһандану процестері ұлттың өткені мен өткергенін басқаша көзқараспен сараптап отырып, болашаққа бағдар жасауды талап етеді.

Аталмыш мақаладағы менің жаным жақындары жайында айта кетейін. «Бұл жоба

аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің тандаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-эпсаналары, киссалары мен эпостары жинақталады», дейді Елбасы. Иә, қазақтың фольклоры аса бай мұра. Осы күнге дейін мұның өте аз пайызы ашылғанына күмән жоқ. Тұнып тұрған тұнбаларын жарыққа шығару үшін осы саланың ғылымына қатты мән беріп, дамытуды қолға алу, онымен айналысатын ғалымдарға мейлінше жағдай жасалуы тиіс деп пайымдаймын.

«Сонымен қатар, қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын — «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет» деген Н.Ә.Назарбаевтың пікірін толық қолдаймын. Бұл да ел тәуелсіздігін алғаннан бергі кезеңдегі қолға алатын қаттаулы дүниелердің санатындағы дүниелер. Қобыздың атасы – Қорқыт бабамызды айдай әлемге Моцарт,

ҰЛЫ ДАЛА ҮН ҚАТҚЫСЫН

Ветхобен... секілді даралардың қатарынан көргіміз келетінін несіне жасырамыз. Жетіген, қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнайлардың сазы әлемнің сахналарында сарнап тұратын уақыт жетті. «Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ, оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды», деген Елбасы сөзімен түйіндегіміз келеді ойымызды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
журналист-ақын

Бүгін жарияланған Мемлекет басшысы Нурсултан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бүкіл елімізде қызу талқылануда. Осы орайда Ұлы түркі бабаларымыздың артта қалған

ұрпақтары біз, өзіміздің тіліміз бен дәстүрімізді, жерімізді сақтап, бай тарихымызбен мақтануымыз керек.

Өкінішке орай, көнеден қалған салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз жойылып барады, оны дөріптеп, насихаттап, келер ұрпаққа аманаттау бүгінгі күнге парыз. «Рухани жаңғырудың жалғасы іспетті тағылымды мақалада ұлт тарихының бастаулары, Ұлы Дала өркениеті, түркі әлемінің гөзгисі, түркілердің адамзат тарихына қосқан сүбелі үлесі сияқты маңызды тақырыптармен бірге оларды жүзеге асырудың да нақты жолдары көрсетілген. Біздің терең тарихымызды түгендеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық мақаланың түгел түркі мен Ұлы даладан бастау алатын тамырлас жұрттардың да ортақ игілігіне айналары сөзсіз.

Біз кім екендігімізді танып, оны ары қарай зерттеуіміз керек. Енді біз баршамыз жұмылып, алдымызда тұрған көптеген тарихи жобаларды жүзеге асыруға тиіспіз.

О. О. Айтбенов,
№1 жасбм мұғалімі



ОСНОВНЫЕ ПРАВИЛА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СИМВОЛОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственные символы – это один из неотъемлемых атрибутов любого государства, олицетворяющих его идентичность и суверенитет. Уважение к государственным символам относится к ряду важных конституционных норм.

Так, в конституционном законе Республики Казахстан «О государственных символах Республики Казахстан» сказано, что граждане Республики Казахстан, равно как и лица, находящиеся на ее территории, обязаны чтить Государственный Флаг Республики Казахстан, Государственный Герб Республики Казахстан и Государственный Гимн Республики Казахстан.

Выразить свою патриотичность может любой казахстанец, но при одном условии – Флаг или Герб Казахстана должны соответствовать национальным стандартам.

Несоответствиями государственным стандартам являются нарушения формы, размеров и технических требований, установленных к Государственному Флагу и Государственному Гербу Республики Казахстан.

В готовых флагах и материальных объектах из текстильных материалов с изображением флага или элементов его символики не допускаются следующие пороки:

- нарушение целостности ткани, в т.ч. заметно выраженные подплетины и недосеки;
- цветные нити;
- пятна и загрязнения размером более 0,5 см;
- зароботка посторонних примесей;
- сукрутины (петельки) свыше 10 см;
- забоины (поверхностные повреждения) более 0,3 см;
- заметно выраженные полосы по основе и утку;
- разнооттеночность;
- непропечатка рисунка;
- дефекты пошива, вышивки, печати и аппликации: недошитые элементы рисунка (символики), наличие узлов и петлистости, непришитые или неправильно пришитые элементы символики;
- рисунок должен быть четким, пластичным, не давать трещин при изгибе. Слой печатной краски должен быть прочным (без отлива) и равномерно нанесенным по всей площади рисунка.

На Гербе Республики Казахстан недопустимы потеки краски, механические повреждения, поверхность Герба должна быть гладкой, размеры не превышать допустимых отклонений. Не допускаются на материальных объектах с изображением Герба визуальные различия: выдавливание краски за края печатающих элементов, недочетки и непрочечки, искажения элементов изображения, а также смывание и стирание, насыщенность и цветовой тон изображения должны быть равномерными. Цвета Государственного Герба и элементов его символики, должны соответствовать цветовой системе CMYK, RGB, Lab.

Для изготовления Государственного Флага или Государственного Герба Республики Казахстан требуется наличие лицензии. Органом лицензиата является Комитет технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

Следует отметить, что ранее лицензируемым видом деятельности являлось также изготовление материальных объектов с изображением Государственного Герба и Государственного Флага Республики Казахстан. Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования разрешительной системы» данный вид деятельности был исключен из перечня лицензируемых видов деятельности.

Департамент Комитета технического регулирования и метрологии по Карагандинской области осуществляет государственный контроль субъектов частного предпринимательства, осуществляющих деятельность по изготовлению и реализации государственных символов Республики Казахстан, а также материальных объектов с их изображением.

В регионе находится ряд организаций сферы малого бизнеса, которые занимаются выпуском различной продукции, как самих государственных символов, так и материальных объектов с их изображением.

На сегодняшний день в Карагандинской области:

- 4 предприятия имеют право на изготовление Государственного Герба Республики

Казахстан (это ТОО «Гермес 21 век», ТОО «Ақ Бастау КЗ», ТОО «Символика» и ТОО «Gold Graphic»);

- 4 предприятия имеют лицензию на право изготовления Государственного Флага Республики Казахстан (ТОО «Гермес 21 век», ТОО «Ақ Бастау КЗ», ТОО «Gold Graphic», и ИП «Принт Мастер» Караванова Е.В.).

Для применения Флага и Герба существуют определенные правила.

В Конституционном законе «О государственных символах Республики Казахстан» определено, кто и где обязан размещать государственную символику, а в Постановлении Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Правил использования (установления, размещения) Государственного Флага, Государственного Герба Республики Казахстан и их изображений, а также текста Государственного Гимна Республики Казахстан» установлено как надлежит использовать государственную символику.

Так, согласно Закону и Правилам установлены случаи обязательного размещения и установления государственных символов и их изображений, в частности это: размещение (установление, вывешивание) снаружи и внутри зданий государственных органов и на их веб-сайтах в интернете, в организациях образования, при проведении торжественных и спортивных мероприятий, международных форумов, на военных судах, на воздушных судах, а также на космических аппаратах Республики Казахстан и т.д.

Вместе с тем, необходимо отличать понятия «государственные символы» и «изображения государственных символов», так как порядок их использования различен. Согласно ст.4 Закона использование Государственного Флага может размещаться и на иных материальных объектах. Это значит, что рисованное, фотографическое или иное изображение государственного флага можно использовать практически неограниченно (за исключением, ограничений в геральдике и официальной символике, а также соответствия национальному стандарту). То есть использовать изображения Флага и Герба например на одежде спортивных команд допустимо и приветствуется, на

Уважение к государственным символам

официальных бланках, печатях государственных органов изображения Герба использовать обязательно, а вот частным структурам использовать изображения и элементы государственных символов Казахстана запрещено.

Использование государственного гимна Законом существенно ограничено. Так, в ст.8 и ст.9 Закона установлен исчерпывающий перечень случаев использования государственного гимна, а также порядок его воспроизведения, исполнения и даже прослушивания. При публичном исполнении Государственного Гимна присутствующие поют (выслушивают) стоя, при этом граждане Республики Казахстан прикладывают правую руку к сердцу. Допускается сокращенное исполнение Государственного Гимна Республики Казахстан. Государственный Гимн исполняется на государственном языке в точном соответствии с утвержденным текстом и музыкальной редакцией.

Официальный текст государственного гимна утвержден только на государственном языке, соответственно перевод его на другие языки (в том числе русский) является неофициальным и не может быть использован или размещен на официальных государственных информационных стендах и мероприятиях.

Незаконное использование государственных символов (Флага, Герба, Гимна) влечет административную ответственность в виде штрафа в размере 50 месячных расчетных показателей (120 250 тенге, исходя из размера МРП в 2018 году).

При этом, как известно, надругательство над государственными символами является преступлением и влечет уголовную ответственность в виде штрафа в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо imprisonment в размере до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок (ст.372 УК РК).

Таким образом, каждому необходимо знать, какое использование государственных символов Республики Казахстан является законным, а какое незаконным.

Н.А.Сатыбалдинов,
руководитель отдела Департамента комитета технического регулирования и метрологии по Карагандинской области

Болашаққа нақты қадам

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ

Қазіргі таңда көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Олай деуіміздің басты себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заманда тілдерді білу, меңгеру ұстанымы қолға алынды. «Үш тұғырлы тіл – заман талабы» - деген тіркес қоғамда жиі айтылып жүрсе де, шыны керек, оның мәнін халық әлі толыққанды түсіне қойған жоқ. Әр нәрсенің құны оның қажеттілікке жарап, пайдаға асқан кезде ғана құнды бола түседі. «Үш тілді саясат» деген идеяның мән – мазмұны терең болғанымен, оның жүзеге асуы жолында қиындықтар мен кедергілер орын алатыны түсінікті құбылыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыптасуы жағдайға айналғандығын атап өтті. Бұл – білім саласына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр деген ұғымды білдіреді.

Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті күздіретіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы жолға қойылып оң шешімін тауып жатыр.

Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән беріледі. Қаладағы жалпы білім беру ұйымда-

рындағы ұстаздар қазіргі таңда физика, информатика, биология, химия пәндерінен біліктілікті арттыру курсына бастап кетті. Быылғы оқу жылы екі ұстазымыз курсты аяқтап толық сабақ беруге құқылы сертификатты иеленіп, 8-сыныптарда физика, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытып жатыр.

Үш тілге байланысты “Тіл дарын - 2018” олимпиадасы өткізілді. Байқауға үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген оқушылар қатысты. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында өзге ұлт өкілдерінің арасында “Қазақшаң қалай, балақай?”, жоғары сынып оқушылары арасында Абай оқулары. Сонымен қатар Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне орай «Қазақ тілі-мақтаным, айбыным» атты өзге ұлт өкілдері арасында өлеңдер байқауы ұйымдастырылды. Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Ұлтымыздың ұлы ұстазы-Ахмет» атты әдеби сайыс өткізілді.

№2 жалпы білім беретін орта мектептің 6-сынып оқушысы Кузнецов Владимир облыстық «Даланың дара данасы», «Мың бала» жобасы аясында қазақ тілінен мәнгеріп өлең оқу байқауы бойынша I, III орындарды иеленіп және ақшалай сыйақымен марапатталып, республикалық байқауға жолдама алды.

Қала мектептері мен бала-бақшаларында үштілділік мәселесін биік тұғырға көтеретін семинарлар мен ашық сабақтар өз дәрежесінде өткізілуде.

Қорыта айтқанда Үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін тануына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.

П. Шойбекова,
Білім бөлімі Әдістемелік кабинеттің әдіскері

Поддерживая Послание Президента

ПЕРВАЯ ЗАДАЧА - РОСТ ДОХОДОВ НАСЕЛЕНИЯ

Ежегодное послание главы государства - важное событие в жизни каждого казахстанца. В самом начале своего выступления Президент обозначил главную цель нынешнего послания: «Сегодня глобальные и локальные проблемы в мире соединяются, в этих условиях ответом на вызовы и залогом успешности государства становится развитие главного богатства нашей страны – человека». Залогом успеха со стороны государства – ключевая мысль, пронизывающая все послание.

Первой задачей своего послания Президент обозначил рост доходов населения. В этой связи первое, что он поручил Правительству – повысить минимальную заработную плату в 1,5 раза с 1 января 2019 г.

Для этого из республиканского бюджета в течении трех лет будет выделяться ежегодно по 96 миллиардов тенге.

Вторым приоритетным направлением Президент назвал повышение качества жизни. В этом блоке должны быть решены вопросы качественного образования и здравоохранения.

Третье направление – создание комфортной среды проживания. Первоочередной задачей в этом направлении Нурсултан Абишевич определил доступное и качественное жилье. Президент призвал акимов содействовать тому, чтобы люди могли получить доступное жилье, и, если надо, субсидировать первоначальные взносы. Президент предупредил акимов, что выполнение жилищной программы будет главным критерием оценки их работы. Также в этом блоке Президент озвучил вопросы улучшения инфраструктуры в регионах, модернизации органов внутренних дел и судебной системы.

Четвертый блок – госаппарат, ориенти-

руемые на потребности граждан. Здесь глава государства отметил, что главным приоритетом в работе государственных органов должно быть повышение качества оказываемых государственных услуг: «Госслужащие новой формации должны сократить дистанцию между государством и обществом. Это предусматривает постоянную обратную связь, живое обсуждение и разъяснение людям конкретных мер и результатов государственной политики». Также Президент отметил, что борьба с коррупцией будет продолжена. Президент указал, что в сфере земельных отношений и строительства «нет прозрачности, полного доступа населения и бизнеса к информации».

В пятом блоке Нурсултан Абишевич отметил важность эффективной внешней политики. Сопричастность каждого казахстанца процессам преобразования в стране – шестое приоритетное направление развития страны, озвученное в послании.

Пожалуй, послание Главы государства от 05.10.2018 года не оставило равнодушным никого. Потому что в нем затронуты все сферы деятельности государства. Каждый гражданин найдет темы, касающиеся его лично. Определены главные ориентиры в развитии нашего государства. Задача каждого гражданина – внести свою лепту в общее дело. «Во все времена только твердая воля к успеху и сплоченность народа вершили судьбы стран. Лишь совместными усилиями мы сможем достичь великих высот», - говорит Нурсултан Абишевич, призывая каждого из нас принять участие в реализации намеченных целей во благо процветания нашей Родины.

З.Е. Дүйсенова,
заместитель руководителя Приозерского городского управления казначейства

САХНАДА «ЕКІ ЖҮЛДЫЗ»

Әсерлі сайыс

Өткен аптада қаламыздағы балалар мен жасөспірімдердің «Достық» шығармашылық орталығында қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» байқауы болып өтті.

Байқауға қаламыздағы белгілі әншілер мен олардың жұптары қатысты, атап айтқанда мынандай жұптар қатысты: Айғанша Болисова



мен Динара Амандықова, Талғат Убисов пен Алия Жақупова, Бақытжан Сайырманов пен Сауле Қажкерова, Жадра Саттибекова мен Ерлан Сулейменов және Мерей Тұрсынбеков



пен Еркемай Түлек

«Екі жұлдыз» конкурсының тақырыбы ретінде «Кеңес дәуірінің танымал әндері» таңдалып алынған болатын. Ал осы сайыс мынандай үш кезеңнен құралды: бірінші кезеңнің тақырыбы – «Кеңес композиторларының патриоттық әндері», екінші кезеңнің тақырыбы «Кеңес кинофильмдерінен әндер» және үшінші кезең – «Еркін тақырып».

Сайыстың қазылар алқасы ретінде Накидалок Эдуард Анатольевич – РФ ҚМ 03080 ә/б офицерлер үйінің бастығы, қазылар алқасы-

ның төрағасы, Омаров Ерлік Салимович – «Балқаш» сауықтыру-емдеу кешені директорының орынбасары, Шкударнова Лидия Александровна – РФ ҚМ

озып, бірінші келуге тиіс. Қазылар алқасының шешімімен 3-орынды екі жұп бөлісті: Талғат Убисов - Әлия Жақупова «Романтикалық жұп» номинациясы және Айғанша Болисова - Амандықова Динара «Ерекше жұп» номинациясы бойынша. 2-орынды «Үйлесімді жұп» номинациясы Бақытжан Сайырманов – Сауле Қажкерова иеленді. 1-орынды «Мінсіз жұп»



№3 ОМ музыка мұғалімі, Урсарова Гульжихан Зекееновна – қаламыздың танымал әншісі, вокалист және Бейсеков Даулет Нариманович – ҚР ҚК 60601 ә/б командирінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қатысып отырды.

Белгіленген тақырыптар бойынша әр жұп өз шеберліктерін көрсетіп, әнді нақышты орындап, көрермендердің қолдауына ие болып жатты. Бірақ та, сайыстың аты сайыс, жүйрік

номинациясы бойынша Жадра Саттибекова – Ерлан Сулейменов жеңіп алса, Гран Приді Мерей Тұрсынбеков – Еркемай Түлек «Жұлдызды жұп» номинациясы жеңіп алды.

Б. Алшынбекұлы.

Суреттерде: сайыстан көріністер. Суретті түсірген автор

Әдістемелік қолдау

Педагогтарға әдістемелік көмек көрсету және білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру мақсатында 2018 жылғы қараша айының 15 күні «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБА институтының тренерлері келді.



Ондағы мақсат Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдерге курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету.

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК ДЕСАНТТАРЫ КЕЛДІ

Әдістемелік десантта әдіскерлер мен озық тәжірибелі мұғалімдер сабақтарға қатысып, әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсетті. Тойымбекова Ж.Б. білім сапасын арттыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға бағытталған «Б.Блумның ойлау деңгейлеріне сәйкес критериялы бағалау» тақырыбында семинар ұйымдастырды. Осы семинарда он екі ұстаз білім алып куәлікке ие болды. Сонымен қатар К.Абдыкалыков «Жаңартылған білім жүйесіндегі тиімді тәсілдер» тренингін өткізді.

Семинар соңында пікірталас алаңы өткізіліп, әдістемелік десант қорытындысы бойынша пікір алмасу ұйымдастырылды. Пікір алмасу барысында мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі қиындықтар және табысты оқу мен оқытуды анықтау жөнінде мұғалімдердің сабақтары бойынша рефлексия жүргізіліп, тренердің ұсынысы тыңдалды.

Қорыта айтқанда, бұл әдістемелік кө-



мектің мұғалімдердің жұмыс істеу белсенділігіне ықпалы зор болды. Мұғалімдер сабақ беру барысында өзара тәжірибе алмасты.

Д. Макажанова,

№ 2 ЖОББМ директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары



Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы

БАЛА ТӘРБИЕСІ - БАСТЫ НАЗАРДА

Белгілі жауынгер Б.Момышұлы «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» - дегендей,

Қазақстанның болашағы тәрбиелі, саналы ұрпақтың қолында. Саналы ұрпақты тәрбиелеу үшін ата-аналарымызға білім керек. Білім жоқ жерде тәрбие болмасы анық. Тәрбие басы тал бесіктен басталары сөзсіз. Сол үшін тал бесіктен басталатын тәрбиеге әрбір ата-ана мұқият болуы керек. Ата-анасының махаббатына, мейіріміне бөленіп өскен баладан болашақ ибалы, инабатты, тәрбиелі ұрпақ өсіп шығары сөзсіз. Яғни, бала мейірімі, сезімі, махаббаты ананың ыстық ықпалы мен әке тәрбиесінен берілетін құнды дүние болып табылмай.

Бала тәрбиеленудегі басты мақсатымыз – жеке тұлға болып қалыптасуына, өз ойын анық, еркін жеткізе алатын саналы ұрпақ болып өсуіне, өмірде өз орнын таба білуіне көмек көрсету. Тәрбие қаншалықты тереңде болса, білім де соншалықты тереңде.

Қазіргі заманда бала тәрбиесі жарты жолда қалып қойып жатқаны айдан анық. Балаларымыздың тәрбиесін техника қолына беріп қойдық. Тілі шықпаған баламыздың өзі ұялы телефон деп жер тепкілеп жылайтын халге жеттік. Әрине, өте өкінішті.

Бала тәрбиесінің - берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Данышпан халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал ұл-

кен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпасы керек. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде ата-ана басты рөл атқарады. Тобықтай сөздің түйіні, өз баласының болашағын ойлап, қам жеген әрбір ата-анаға Мария Монтессоридің бала тәрбиесіне қатысты тұжырымдамаларын ұсынбақпын:

Егер балаңызды жиі мақтасаңыз, бала бағалауды үйренеді.

Егер балаңызға шыншыл болсаңыз, бала адалдыққа үйренеді.

Егер балаңызды жиі мазақ қылсаңыз, бала өзін кінәлі сезініп өседі.

Егер балаңызды жігерлендіріп отырсаңыз, балаңызда өзіне деген сенімділік арта түседі.

Сізге сұрақ қойып, жауап күткен балаға міндетті түрде жауап беріңіз.

Баланың жасаған қателігіне ескерту жазарда мұқият болыңыз. Баланың жеке басына емес, іс-әрекетіне шағым айтыңыз.

Қателік жасаған баланы кешіре біліңіз және қателігін мойындауға мүмкіндік беріңіз.

Балаңызда өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастыру үшін күніне кем дегенде 5-6 рет құшақтап, көңіл бөле біліңіз.

Баламен қарым-қатынас жасағанда өте мұқият болыңыз. Бала ата-ананың айнасы.

Бала ақ қағаз, ақ қағазға не түсірсеніз, ақ қағаздан соны көресіз. Балаңызға көп көңіл бөліңіз.

А.Уалиханова,

«Балақай» бөбекжайы КМКК педагог-психологы

ҚОС АНАНЫҢ ҚАЗАСЫНА

(Бір бірінен 700 шақырымда, бір мезетте дүниеден озған асыл жандар Кұлнар мен Бақыттының рухына арналады).



Әбекеннің үйінде, Дересінде,
Ақ келіннің түскені ел есінде.
45 жыл өткерген сыйластықта,
Жұрт біледі келінді, енесін де.
Кұлнар ана ақылды, дүр кісі еді,
Адамдықтың, кендіктің үлгісі еді.
Келіндерін қадірлеп, өз қызындай,
Ардақтауы – қалыпты үрдісі еді.
Бақыттының жағдайын сезінгенді,
Ет жүрегі елжіреп езілгенді.
Дүниеден өткенін білген сәтте,
Өзінің де өмірі үзілгенді.
Жаздар өтті жадырап, жайраңдаған,
Сан қызық та бірлесе сайраңдаған.

Бір-ақ сәтте тоқтатқан екі өмірді,
Құдіреті Құдайдың қайран маған.
Асыл жандар жалғаннан дамылдасын,
Жұмақ төрі өздерін қабылдасын.
Ұрпақтары үздірмей дұғаларын,
Мейір-нұрға толтырар қабір басын.

Әбдікеш әулеті атынан

*** **

АНАМЫЗҒА

Ерекше жан, ардақты Асыл Ана,
Сізге деген сағыныш басыла ма.
Орын тілеп жұмақтан, дұға оқу,
Қолымыздан келері осы ғана.

БАҚЫТТЫҒА

Біріндей ең, ақ пейіл періштенің,
Қиындыққа мойымай, беріспедің.
Жалған сөзге жоламай, жалтақтамай,
Теріс затты қашанда «Теріс» - дедің.
Өзіне деп, бағыштап аят, дұға,
Тілекшіміз жайыңа пейіштегі.

*** **

Көпболсын Әбдікешұлы Бекмағанбетов
2018 жылдың 1-қарашасы

ЭЛЕКТРОНДЫ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

Қазақстанда үйден шықпай-ақ жұмыс тауып алу мүмкіндігі пайда болғанынан хабарыңыз бар ма? Бұл мәселеде жұмысқа түру процессін жеңілдету мақсатында Электронды еңбек биржасы іске қосылғаны жайында ақпарат келіп түскенін біреу білсе, біреу білмес. Осы жайттың астарына үңіліп, нақтырақ білу мақсатында «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ басшылығы мен қызметкерлеріне жолығып, бұл туралы төмендегі мәліметті алуға қол жеткердік және мұны газет оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік. Яғни бұл үйде отырып-ақ бос жұмыс орындары т.б. маңызды мағлұматтарды алып отыруға Сізге көмектесіп отыратын болады.

Электронды еңбек биржасы Қазақстан бойынша 62 жұмыс беруші мен 243 жұмыс іздеушіні біріктіреді. Ресурс жұмыс істеп бастағалы бері 223 мың адам жұмысқа тұрыпты.

altaunews.kz порталы хабарлағандай, электронды биржа тегін әрі тәулік бойы қолжетімді болып табылады. Оның мәліметтер базасы жұмыспен қамту орталықтары, жеке жұмыспен қамту агенттіктері мен жұмысқа түру бойынша онлайн-топтардағы ақпараттардың есебінен құрылады. Сондай-ақ, жұмыс берушілер де, жұмыс іздеушілер де ресурсқа ақпарат жариялап, оны үнемі тексере алады.

Электронды еңбек биржасы дегеніміз – жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері және қызметшілер құрамын іріктеуді қамтамасыз

етуге арналған бірыңғай сандық алаң. Мұнда бүкіл Республика бойынша бос жұмыс орындар және ізденушілер туралы ақпарат күн сайын жаңғыртылады. Электронды еңбек биржасы жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерге халықты жұмыспен қамту орталықтарының ұйымдастыруымен мемлекеттік деректер ықпалданған.

Портал Е-Биржа:

-Бос орындар және түйіндемелердің деректерін онлайн арқылы алуға; - Жеке кабинетті тіркеу және бос орынды немесе түйіндемелерді орналастыруға;

-Порталда талап ететін критериялармен (қызмет саласы, кәсібі, аймағы) жаңадан жарияланған бос жұмыс орын және түйіндемелер туралы ақпаратты өзіңіздің электрондық адресіңізге немесе Telegram мессенджеріңізге таратуға, жазылуға болады.

-пікірлердің тәртіптерін және сұхбаттасуға шақыруларды пайдалана отырып, жұмысқа алуға немесе жұмысқа қабылданған болуға;

-жұмыс берушінің Жеке кабинетінде арнайы жұмыс орынға қаржыландыруға өтінім жайғастыруға;

-халықты жұмыспен қамту орталықтарына ағымды бос орындар туралы ақпараттарды онлайн режимде жіберуге; - кәсіптік бағдарлау тест өту және тестің тиісті нәтижелеріне сәйкес порталда бос жұмыс орындары табуға мүмкіндік береді; Е-Биржада тіркеу, бос орындар және түйіндемелердің деректерін, бос орындарды жариялау, түйіндемелерді және басқадай ақпараттарды тегін және

тәулік бойы көруге мүмкіндік бар. **Facebook, VK, Instagram** әлеуметтік желілерде порталдың өзінің парақшалары бар. Порталдағы бос орындар туралы ақпарат және статистикалық деректер ресми беттерінде күнделікті жарияланып тұрады.

Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушіге оның белгілеген талаптарын ескере отырып, бос жұмыс орындарына жана қызметкерлерді табуға көмектеседі. Жұмыс берушілер бос жұмыс орындары мен біліктілік талаптары туралы ақпаратты «Жұмыс» интернет-порталы (www.enbek.kz) арқылы онлайн түрде бағыттай алады. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыскерлерді халықты жұмыспен қамту орталығында және «Е-Биржа» (www.enbek.kz) интернет-порталында тіркелген адамдардың арасынан іріктейді.

Қызметкерлерді таңдау жұмыс іздеушінің кәсібі (мамандығы), қалайтын лауазымы, қызмет түрі, кәсіптік дайындық және біліктілік деңгейі, жұмыс тәжірибесі мен дағдылары, қалаған жалақы деңгейі, жұмыс уақыты режимі ескеріле отырып, сондай-ақ жұмыс берушілер еңбек қызметтерін орындауға және жұмыс іздеушілерге қойған талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда Е-биржасына Республика бойынша барлығы 68 мың жұмыс беруші, 48 жеке жұмыспен қамту агенттігі, 4 БАҚ (СМИ) және 6 интернет-алаң тіркелген.

Электронды еңбек биржасында мемлекеттік қолдаусыз жұмысқа орналастыру яғни, тұрақты жұмыс орындарының бос



жұмыс орындары ғана жаряланады. 2018-жылғы 01-қазан жағдайына Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы тұрақты жұмысқа 382 адамға жолдана беріп, оның ішінде 222 жұмыссыз азамат электронды еңбек биржасы арқылы жұмысқа орналас-тырылды.

Қаламызда порталдың ресурстарын белсенді пайдаланатын жұмыс берушілер келесі ұйымдар: «Арай» ЖШС, «Қалқан - 2009» ЖШС, «JET.COM» ЖШС, «FIRST.COM» ЖШС «Пердбаев С.П.» ЖК, «Сага» ЖК, «Sky ward» ЖШС, «Приозерск қаласының әкім аппараты» ММ, «Айналайын» бөбекжай балабақшасы КМҚК, «Балақай» бөбекжай балабақшасы КМҚК, «Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ, «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын-үй инспекциясы бөлімі» ММ, «Приозерск қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, «Приозерск қаласының № 2 орта білім беретін мектебі» КММ.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

ЛАТЫН ӨЛІБІНІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез келген тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үрдістерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Қандай ұлт, ел болмасын, оның тілі, жазуы дамымаса, ол халық ретінде алға шыға алмайды. А.Байтұрсынұвтың айтуынша: «Әр ұлтқа төрт нәрсе керек. Олар: тіл, діл, дін және жазу. Осылары болса ғана халық өзінше халық. Егер бұлардан айырылса, ол ел болудан қалады» деген пікірі өте орынды айтылған.

Ана тілі – әр халықтың төл бесігі. Тіл – адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында, өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста, саясат пен мәдени салада бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін негізгі құрал. Тіл – ұлттық мәдениеттің коды. Тіл – халықтың мәдениеті мен қуатының көрінісі. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз болғандықтан халықтардың өзара түсіністігін, достығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады.

Біз өзіндік жазуы мен алфавиті бар ұлттың біріміз. Халықтың үлкен өнертабыстарының бірі – жазу. Жазу – барлық халыққа ортақ, мәдениеттерді жалғастырушы, байланыстырушы құнды-

лықтардың бірі, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Бүгінде жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық жазу - мәдениет, жазу - өркениет, жазу - қоғам, жазу мен ойлау, жазу мен тіл, жазу және коммуникация. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Жазу арқылы мәңгілік тастарға қашап, мәңгілік мұра қалдырған ұлтпыз. Сондықтан тарихи тұрғыдан алған кезде, біздің алфавитіміз бұл – үлкен кезеңдерден өтіп, бізге бай мұра қалдырған үлкен қазынамыз. Сондықтан Мәңгі ел боламыз десек, онда біз мәңгі қалатын тілімізді, әліпбиімізді жасауымыз керек.

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселені ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Өйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылық-тары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деп баса назар аударса, 2012 жылдың желтоқсан айында жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиясында

Рухани жаңғыру

«Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп ұлттық өрлеу мен әлемдік өркениетті тұтастандыратын өзекті мәселені атап көрсетті. Жолдауда қазақ елінің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-ағартушылық дамуың, халықаралық кеңістіктегі орнын жан-жақты бағамдап, ішкі және сыртқы жағдайды толық ескеріп, әліпбиді қашап, қандай жолдармен ауыстыру керек, осыларға байланысты дұрыс шешім шығарды.

«Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» дей отыра «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жариялады. Мақалада «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерінен

онысыз да үйреніп жатыр» - деген болатын. Мақала ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтай отырып, жаңғырта дамытуға үндейді. Мақаланың «Таяу жылдардағы міндеттер» деген бөлімінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңыздылығы туралы айтылады. Осы орайда мемлекет басшысының «тілімізді реформалау – ұлттық сананы жана деңгейге көтеретін қадам» дегенін ескеріп, қазақ тілін біртіндеп латын қарпіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек».

Латын әліпбиіне көшу – өмірдің қажеттілігі, әлемдік бәсекеге қабілеттілік мәселесі. Латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ тілін халықаралық деңгейде танылуына жол ашамыз. Елбасы айтқандай, біздің рухани негізіміз болып отырған қазақ тілінің халықаралық мәртебесін көтеру - әлемдік өркениетке жетуіміздің айқын жолы. Қазақ тілінің жана әліпбиге көшуі - тәуелсіз мемлекет пен қазақ қоғамының жеке дара ісі мен таңдауы. Әліпбиді өзгерту - өз ерекшелігімізді сақтап қалу, әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды. Елбасы шешімі – Қазақстан халқының ортақ таңдауы. Бұл – ұлттық рухани жаңғыруы мен ел дамуының орасан зор, ең маңызды, басты алғышарты болып табылады.

Уалиханова А.У
«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» психологы

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮТІНУШЫЛАРЫ!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаментінің 19.11.2018 жылғы № 318-ОД бұйрығымен Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы «Коммуналдық тұрғын-үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» КМК үшін 01.09.2019 жылдан қолданысқа енгізілетін уақытша өтемдік тариф бекітілген:

Жылуды қамтуға 1 қаңтар 2019 жылдан – 31 желтоқсан 2019 жылға дейін 1 Гкал үшін ҚҚС қоспағанда 3215 теңге 76 тиын.

Оның ішінде:

жеке тұлғалар үшін - 1 Гкал үшін ҚҚС қоспағанда 2485 теңге 51 тиын;
кіші және орта бизнес үшін - 1 Гкал үшін ҚҚС қоспағанда 2532 теңге 85 тиын;
бюджеттік ұйымдар үшін - 1 Гкал үшін ҚҚС қоспағанда 3691 теңге 77 тиын;

Тарату желілерімен су беру қызметіне 1 қаңтар 2019 жылдан – 31 желтоқсан 2019 жылға дейін 1 м³ үшін ҚҚС қоспағанда 25 теңге 53 тиын.

Сарқынды суларды бұру қызметіне 1 қаңтар 2019 жылдан – 31 желтоқсан 2019 жылға дейін 1 м³ үшін ҚҚС қоспағанда 24 теңге 80 тиын.

Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы «КТҮҚҚБ» КМК

УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

Приказом № 318-ОД, от 19.11.2018 года Департамента Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области для КГП «Управление жилищно-коммунального реформирования» с введением в действие с 01.01.2019 года утверждён временный компенсирующий тариф:

- на теплоснабжения - с 1 января 2019 года до 31 декабря 2019 года в размере 3215,76 тенге за 1 Гкал без НДС,

В том числе: -

- для физических лиц -2485,51 тенге за 1 Гкал без учета НДС
- для малого и среднего бизнеса -2532,85 тенге за 1 Гкал без учета НДС
- бюджетные организации-3691,77 тенге за 1 Гкал без учета НДС

- на услуги подачи воды по распределительным сетям- 25,53 тенге за м3 без НДС с 1 января 2019 года до 31 декабря 2019 года.

-на услуги отвод сточных вод-24,80 тенге за м3 без учета НДС с 1 января 2019 года до 31 декабря 2019 года.

КГП «УЖКР» при Акимате города Приозерск

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в

Министерстве связи и информации Республики Казахстан

Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,

ул. Сатпаева 15. Заказ № 47/587. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.